

## Педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысқандар - 57

24.05.2024

### Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысы  
А.С.Назиков- мектеп директоры

1. Тыңдалды: А.С.Назиков- мектеп директоры:

2023-2024 оқу жылының 1 наурызы мен 1 сәуірі аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы №12 бұйрықпен бекітілген білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның 2 тарау, 11-тармақ, 3-тармақшасы негізінде, Ақтөбе облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 28 ақпандағы №18-2-4/06/450 шығыс хаты және Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2024 жылғы 29 ақпандағы №208 шығыс хатына сәйкес «№37 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік аттестаттау жүрді.

Мемлекеттік аттестаттауды өзін-өзі бағалау бойынша №37 орта мектебінің «01» наурыздағы №49 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда зерделеу өткізілді:

1. Назиков Ардақ Сырымұлы – №37 орта мектебінің директоры, комиссия төрағасы;
2. Жаманова Жаныл Куанышевна - №37 орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Амантурлиева Айгуль Амановна - №37 орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Ахметова Жанна Жакешовна - №37 орта мектебі директорының әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Балмағамбет Гүлнар Кәленқызы - №37 орта мектебі директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
6. Мұханғалиева Гүлшат Қыдыршегеқызы – №37 орта мектебінің мектеп психологы.

Комиссия мүшелері бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Жоғарыда көрсетілген комиссия өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде ораналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№37 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізілді, атап айтқанда өткен үш оқу жылының мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бұрын құжаттары жинақталды.

2024 жылдың 20 наурызы күні 4,9 сынып білім алушылары компьютер арқылы кешенді тестілеуден өтті. 4 сынып бойынша 38 оқушы, 9 сынып бойынша 59 оқушы қатысты. Нәтижесінде 4 сынып оқушыларының оң бағасы -72,9%; 9 сынып оқушыларының оң бағасы – 74,6% құрады.

Сонымен қатар 4,9 сынып білім алушылары мен ата-аналары, мектепалды даярлық сынып ата-аналары және мектеп педагогтері арасында сауалнама жүргізілді. Мектепалды даярлық сыныбы бойынша 53 ата-ана қатысып, оның 98,9%-ы білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған. 4,9 сынып ата-аналарынан 97 ата-ана қатысып, оның 98,8%-ы білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған. 4,9 сынып білім алушыларынан 97 оқушы қатысып, 80,1%-ы

көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған. Мектептен 53 педагог қатысып, 99,9%-ы сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған.

Жоғарыда көрсетілген комиссия өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№37 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізілді, атап айтқанда өткен үш оқу жылының мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бұрын құжаттары жинақталды. Барлық дәлелдеме құжаттар мен өзін-өзі бағалау қорытындысы сайтқа жарияланады.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының шешімі бойынша «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№37 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің нәтижелері 4 «жақсы» деп бағаланды.

#### Қаулы етті:

1. Өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№37 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің нәтижелері «жақсы» деп танылсын.

1.1. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар мектеп сайтына орналастырылсын.



Назиков Ардақ Сырымұлы

Жумагулова Гульфира Муратовна